

**Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктеріне арналған  
пруденциалдық нормативтер және сақталуға міндетті басқа нормалар мен  
лимиттер туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 25 желтоқсан N 435. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1047. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасы 2003 жылғы 4 шілдедегі N 223 қаулысымен.

Кредиттік серіктестіктердің қызметін реттейтін нормативтік базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 16 тамыздағы N 256 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктеріне арналған пруденциалдық нормативтер және сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттер туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және кредиттік серіктестіктерге арналған пруденциалдық нормативтер және сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттер туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу  
ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н .

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және кредиттік серіктестіктерге арналған пруденциалдық нормативтер және сақталуға міндетті басқа нормалар мен лимиттер туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және кредиттік серіктестіктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н  
Ұ л т т ы қ  
1 9 9 9

Б а н к і  
ж ы л ғ ы

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
2 5

Б а с қ а р м а с ы н ы ң  
ж е л т о қ с а н д а ғ ы

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының  
1999 жылғы 16 тамыздағы N 256 қаулысымен бекітілген  
Кредитті серіктестікке арналған пруденциалдық нормативтер және сақталуға  
міндетті басқа да нормалар мен лимиттер  
туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар**

1. 4-тармақ "ай сайын" сөздерден кейін "есеп беріліп отырған айдан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 8 - т а р м а қ т ы ң :

- 1) тармақшасындағы "плюс 3205 есепшоты" деген сөздерден кейін "(минус 3002, 3003, 3026, 3027);" деген сөздермен толықтырылсын;

- 3) тармақшасындағы "3599" саны алынып тасталсын;

- 4) тармақшасы "(3599 есепшоты);" деген сөздермен толықтырылсын;

- 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қайта бағалау бойынша резервтер (3540, 3561, 3581, 3585 е с е п ш о т т а р ы ) ; "

- 7) тармақшасындағы "3599" саны "3580" санымен ауыстырылсын;

- 8) тармақша "(3599 есепшоты);" деген сөздермен толықтырылсын;

- 9) тармақша алынып тасталсын.

3. 9-тармақтың соңғы азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кредиттік серіктестіктің таза активтері (ТА) есептелген сыйақыларды ( мүдделерді) (1705 және 1715 есепшоттарын алып тастағанда 1700 тобының есепшоттары) және төлемдер бойынша есеп айырысу сомаларын шегеріп тастағандағы баланстық есепке сәйкес кредиттік серіктестіктің барлық активтерінің сомасы ретінде есептеледі".

4. 14-тармақтың үшінші, төртінші азат жолдары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"мұндағы: ӨА - өтімділік активтері: (1001, 1002, 1003, 1050, 1051, 1151, 1152, 1153, 1154, 1155 есепшоттары);

М - талап ету міндеттемелері (2203, 2211 есепшоттары), сондай-ақ 2229, 2552, 2870 есепшоттары, талап ету сомасына қатысты 2850 есепшоттары тобы."

Ұ л т т ы қ                      Б а н к т і ң

*Төрағасы*